

ЖОО компонентінің оқу пәндерінің тізімі

6B07 - Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары
(Білім беру саласының жіктелуі және коды)

6B071 - Инженерия және инженерлік іс
(Даярлау бағытының жіктелуі және коды)

0710

(Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі код)

B064 - Механика және металл өңдеу
(Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды)

6B07109 - Тамақ инженериясы
(Білім беру бағдарламасының коды және атауы)

бакалавр
(дайындық деңгейі)

Оқуға түскен жылы 2024 жыл

Әзірленді

БББ академиялық комитеті
АК жетекшісі Нұрымхан Гүльнур Несиптаевна
БББ менеджері Тусипов Нурлан Оразханович

ҚАРАСТЫРЫЛДЫ

Инженерлік-технологиялық факультетінің академиялық сапа жөніндегі комиссия отырысында
2024 жылғы 15 қантар № 3 хаттама
Тамақ инженериясы ғылыми-зерттеу мектебінің академиялық сапа жөніндегі комиссия
отырысында
Университеттің Ғылыми кеңесінде бекітуге ұсынылды
2024 жылғы 06 маусым № 1 хаттама

БЕКІТІЛДІ

Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында, 2024 жылғы "19" қаңтардағы № 6/1 хаттама.

Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында, 2024 жылғы 28 маусыдағы № 11 хаттама
Университеттің Ғылыми кеңесінің төрағасы Орынбеков Д. Р.

Экономикалық-құқықтық және экологиялық білім негіздері

Пән циклі	Жалпы білім беру пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Интеграцияланған пән құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, экономика, кәсіпкерлік және көшбасшылық, экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері саласындағы негізгі мәселелер мен қағидаттарды қамтиды. Нормативтік құқықтық актілерді пайдалану ерекшеліктері, Қоғамның іскерлік, этикалық, қоғамдық, экономикалық, кәсіпкерлік және экологиялық нормаларын пайдалана білу. Экологиялық-құқықтық, экономикалық, кәсіпкерлік қатынастардың, көшбасшылық қасиеттердің және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қағидаттарының ерекшелігі.

Пәнді оқыту мақсаты

Антропогендік әсер ету және төтенше жағдайлар жағдайында тірі организмдердің, тұтастай биосфераның жұмыс істеуінің негізгі заңдылықтарын және олардың тұрақты даму тетіктерін зерделеуден тұрады; сыбайлас жемқорлық ұғымын, оған қарсы күрестің заңдылығын, мемлекеттік қылмыстық-атқару саясатының мазмұнын түсінуден; білім алушыларда Экономикалық теория негіздері бойынша базалық іргелі тұрақты білімді қалыптастырудан, экономикалық ойлау іскерлігі мен дағдыларын сіңіруден; студенттерді кәсіпкерлік теориясы мен практикасымен, өз ісін құру негіздерімен таныстырудан; көшбасшылық қасиеттерді дамыту және жетілдіру.

Оқыту нәтижелері

ON1 Әлеуметтік- мәдени, экономикалық- құқықтық, экологиялық білімдері мен коммуникативтік іскерліктерді көрсете білу, қоғамның қазіргі заманғы даму үрдістерін ескере отырып, ақпараттық технологияларды қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Тіршілік әрекетінің маңызды басымдықтары ретінде табиғи ортаның қауіпсіздігі мен сақталу мәселелерін талдайды;
- 2) Табиғат пайдалану және орнықты даму негіздерін білетіндігін көрсетеді, техногендік жүйелердің қоршаған ортаға әсерін бағалайды;
- 3) Қазақстан Республикасының негізгі нормативтік-құқықтық актілерін білуін, оларды түсінуін және қолданылуын көрсетеді;
- 4) Экономикалық процестердің даму заңдылықтары туралы білімдерін көрсетеді, өз ұстанымын нақты тұжырымдайды, оны қорғаудағы дәлелдерді табады және нақты баяндайды;
- 5) Кәсіпкерлік қызмет түрлері мен кәсіпкерлік ортаны сипаттай алады, бизнес-жоспар құра алады, кәсіпкерлік құрылымды құрады және оның қызметін ұйымдастыра алады;
- 6) Үлкен және кіші әлеуметтік топтарды басқарудағы көшбасшылық рөлі туралы іргелі ережелерді біледі.

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Мамандыққа кіріспе

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл курс студенттерге Қазақстан Республикасының тамақ өндірісінің даму тарихы туралы білім береді. Студенттер жануарлар мен өсімдіктер шикізатының негізгі сипаттамаларын зерттейді; тамақ өндірісінің процестері мен технологиялары туралы жалпы мәліметтер. Студенттер технологиялық жабдықтардың жіктелуі мен негізгі талаптары туралы; инженерлік-техникалық қызметкерлердің лауазымдық міндеттері туралы шолу ақпаратын алады. Нәтижесінде студенттер тамақ өнеркәсібінің салаларын жіктей алады, азық-түлік шикізаты мен өнімдерінің сипаттамаларын сипаттай алады, тамақ өндірісінің технологиялық машиналары мен жабдықтарын анықтай алады.

Пәнді оқыту мақсаты

Тамақ өнеркәсібінің салаларымен, негізгі өнім түрлерімен, тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарында техникалық құжаттамада пайдаланылатын терминологиямен, технологиялық машиналар мен жабдықтардың негізгі техникалық сипаттамаларымен және әрекет принциптерімен білім алушыларды таныстыру.

Оқыту нәтижелері

ON7 Кәсіпорындардың технологиялық жабдықтарын есептеуді, жобалауды және жаңғыртуды жүргізу

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Тамақ өнеркәсібі салаларын жіктейді
- 2) Азық-түлік шикізаты мен өнімдерінің сипаттамаларын сипаттайды
- 3) Тамақ өндірісінің технологиялық машиналары мен жабдықтарын сәйкестендіреді

Пререквизиттер

Физика

Постреквизиттер

Оқу практика

Математика

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл курстың мақсаты- оқушылардың математика саласында іргелі білім алуы болып табылады. Курс білім алушыларда математикалық ойлаудың жеткілікті жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мәселелерді шешуге шығармашылық тұрғыдан қарау қабілеттерін дамытуға бағытталған. Жоғары математиканың іргелі негіздерін (Аналитикалық геометрия, сызықтық алгебра элементтері, Математикалық талдау, Дифференциалдық теңдеулер) зерттеумен қатар курста кәсіби мамандану саласындағы өндірістік есептерді шешуге математиканың әртүрлі қосымшаларын қарастыру болжанады.

Пәнді оқыту мақсаты

логикалық ойлау мен математикалық мәдениетті дамыту үшін негіз құру. Теориялық және қолданбалы есептерді шешу үшін математикалық аппаратты пайдаланудың негізгі дағдыларын, сондай-ақ нақты бейін шеңберінде оқытылатын басқа қолданбалы пәндерді меңгеру үшін математикалық даярлықтың қажетті деңгейін қалыптастыру және негізгі дағдыларын игеру; арнайы математикалық әдебиеттермен жұмыс істеу дағдылары.

Оқыту нәтижелері

ON2 Тамақ өнімдерін өндіру кезінде технологиялық процестерді игеру үшін жаратылыстану пәндерінің негізгі заңдарын қолдану

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Қолданбалы есептерді шешу үшін заманауи математикалық әдістерді қолданады
- 2) Кәсіби есептерді математикалық әдістермен шешу үшін алгоритмдер жасайды
- 3) Зерттеу сипатындағы міндеттерді шешуге бағытталған қызметті жоспарлайды
- 4) Математикалық талдау және модельдеу, қолданбалы сипаттағы есептерді теориялық және эксперименттік зерттеу әдістерін таңдайды
- 5) Объектілердің сандық және сапалық қатынастарын білдіру үшін математикалық символды қолданады
- 6) Зерттеу нәтижелерін көрнекілікке графикалық тұрғыда ұсыну тәсілдерін қолданады

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Тамақ өндірістерінің жалпы технологиясы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Студенттерді белсенді оқуға тарту осы курста өсімдік және жануарлар шикізатының түрлерін, оның жіктелуін игеруге мүмкіндік береді. Негізгі технологиялық операциялар (механикалық, жылу, физикалық, химиялық, микробиологиялық), соңғы операциялары мен циклдары бар тамақ өндірісінің технологиялары қарастырылады. Жаратылыстану пәндері бойынша білімді қолдана отырып, студент тамақ өнімдерінің физика-химиялық көрсеткіштерін бағалайды, шикізаттың жартылай фабрикаттар мен дайын өнімдердің сапасын техникалық-химиялық бақылау әдістерін таңдайды, технологиялық процестерді оңтайландыруға және дайын өнімнің сапасына әсер ететін шикізат пен жартылай фабрикаттардың қасиеттерін анықтайды.

Пәнді оқыту мақсаты

"Тамақ өндірістерінің жалпы технологиясы" пәнін оқытудың мақсаты - тамақ өндірісінің жалпы технологиясы, тамақ өнімдерінің химиялық құрамы, тағамдық және биологиялық құндылығы, тамақ өнімдерін сақтау кезінде болатын процестер, олардың өндіріс технологиясы туралы түсінік беру.

Оқыту нәтижелері

ON2 Тамақ өнімдерін өндіру кезінде технологиялық процестерді игеру үшін жаратылыстану пәндерінің негізгі заңдарын қолдану

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Тамақ өнімдерінің физикалық-химиялық көрсеткіштерін бағалайды
- 2) Шикізаттың жартылай фабрикаттардың және дайын бұйымдардың сапасын технохимиялық бақылау әдістерін таңдайды
- 3) Технологиялық процестерді оңтайландыруға және дайын өнімнің сапасына әсер ететін шикізат пен жартылай фабрикаттардың қасиеттерін айқындайды

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

Сүт өнеркәсібі кәсіпорындарының инжинирингі Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының инжинирингі Май өнеркәсібі кәсіпорындарының инжинирингі Кондитерлік өнеркәсіп кәсіпорындарының инжинирингі Ет өнеркәсібі кәсіпорындарының инжинирингі Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының инжинирингі

Физика

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пәннің мақсаты - тамақ өндірісіндегі технологиялық процестерді игеру үшін қажет жалпы физиканың негізгі физикалық құбылыстарын, ұғымдары мен заңдарын зерттеу. Студент практикалық және зертханалық жұмыстарды орындай отырып, эксперименттік зерттеу әдістері арқылы алынған нәтижелердің сенімділік дәрежесін бағалайды, кәсіби мәселелерді шешуде физиканың негізгі заңдылықтарын біледі, практикалық қызметте әртүрлі физикалық ұғымдарды, заңдарды, теорияларды қолданады.

Пәнді оқыту мақсаты

Қоршаған әлемді танудың эксперименттік және теориялық әдістерінің орны туралы идеяларды қалыптастыру, физика

есептерін өз бетінше шешу дағдыларын дамыту, қазіргі ғылыми әдебиеттерді оқуға ынталандыру.

Оқыту нәтижелері

ON2 Тамақ өнімдерін өндіру кезінде технологиялық процестерді игеру үшін жаратылыстану пәндерінің негізгі заңдарын қолдану

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Эксперименттік зерттеу әдістерінің көмегімен алынған нәтижелердің шынайылық дәрежесін бағалайды
- 2) Практикалық қызметте әртүрлі физикалық ұғымдарды, заңдарды, теорияларды қолданады
- 3) Кәсіби міндеттерді шешу кезінде физиканың негізгі заңдарының білімін қолданады

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Оқу практика

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	2
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Білім алушы оқу практикасынан өту нәтижесінде тамақ өнімдерін өндіру кезінде технологиялық процестерді игеру үшін жаратылыстану-ғылыми пәндерді зерделеу кезінде алынған теориялық білімдерін бекітеді. Білім алушы тамақ кәсіпорнында жұмыстың технологиясы, ұйымдастырылуы және тетігі туралы түсінік алады, тамақ кәсіпорындарының негізгі бөлімшелерінің жұмысымен танысады. Білім алушы практикадан өту күнделігін жүргізеді. Осы жазбалардың негізінде тәжірибе туралы есеп жасалады.

Пәнді оқыту мақсаты

Тамақ кәсіпорнында жұмыстың технологиясы, ұйымдастырылуы және тетігі туралы бастапқы түсініктерді алу, тамақ кәсіпорындарының негізгі бөлімшелерінің жұмысымен танысу.

Оқыту нәтижелері

ON2 Тамақ өнімдерін өндіру кезінде технологиялық процестерді игеру үшін жаратылыстану пәндерінің негізгі заңдарын қолдану

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Тамақ өнімдерін өндіруге арналған негізгі технологиялық машиналар мен жабдықтар туралы білімдерін көрсетеді
- 2) Кәсіпорынның механикаландыру құралдарымен жабдықталу деңгейін бағалайды
- 3) Тамақ өндірісі кәсіпорындары бөлімшелерінің қызметін талдайды

Пререквизиттер

Мамандыққа кіріспе

Постреквизиттер

Тамақ өндірісінің механикалық және гидромеханикалық процестері және аппараттары

Өзара алмасымдылық, стандарттау және техникалық өлшемдер

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл курста өзара алмасымдық, өлшемдер мен өлшемдік тізбектер, шақтама және қондырма сияқты ұғымдар зерттеледі; шақтама мен қондырманы таңдау; пішіннің ауытқуын нормалау; беттер мен осьтердің өзара орналасу дәлдігін нормалау; беттің кедір-бұдырлығын нормалау; жылжымалы мойынтіректерді отырғызу; мойынтіректерді отырғызу тәртібі; бұрандалы қосылыстардың өзара алмастырылуы, метрикалық бұранданың шақтама мен қондырмасы; шпонкалы қосылыстардың өзара алмастырылуы, тісті доңғелектер мен берілістердің дәлдігін нормалау.

Пәнді оқыту мақсаты

Пәнді оқытудың мақсаты өнімді пайдаланудың нақты жағдайларын ескере отырып, өзара алмастыруды қамтамасыз ету әдістерін және оның әдістемелік негіздерін игеру болып табылады. Пәнді оқу Болашақ бакалаврларға машиналарды жобалаудың қажетті деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Оқыту нәтижелері

ON4 Пайдалану шарттарын ескере отырып механикалық жүйелерді жобалаудың типтік әдістерін қолдану

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Жаңа білім алу үшін заманауи білім беру және ақпараттық технологияларды пайдаланады
- 2) Пайдаланылатын материалдар мен дайын бұйымдардың физикалық-механикалық қасиеттерін анықтау бойынша стандартты сынау әдістерін қолданады
- 3) Өнімнің және технологиялық процестердің өлшенетін және бақыланатын параметрлерінің номенклатурасын айқындайды, өлшеу дәлдігінің және бақылау сенімділігінің оңтайлы нормаларын белгілейді

Пререквизиттер

Математика Физика

Постреквизиттер

Конструкциялау негіздері мен машина бөлшектері

Ғылыми зерттеулер негіздері

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл курс ғылымның дамуы туралы жалпы ақпарат зерттеледі; ғылыми зерттеулерді жүргізудің жалпы ғылыми және арнайы әдістері, студенттердің ғылыми жұмыстарын ұйымдастыру мен жоспарлаудың негізгі принциптері, студенттердің ғылыми жұмыстарының құрылымына, мазмұны мен дизайнына қойылатын жалпы талаптар қарастырылады. Оқыту нәтижесінде студенттерде ғылыми әдебиеттерді зерделеу кезінде алынған ақпаратты табу, өңдеу және сақтау, студенттік ғылыми-зерттеу жұмыстарын ресімдеу, студенттік ғылыми жұмысты дайындау және қорғау қабілеті қалыптасады.

Пәнді оқыту мақсаты

Білім алушылардың ғылыми- зерттеу қызметінің дағдыларын дамыту; білім алушыларды ғылыми білімге тарту, олардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге дайындығы мен қабілеті.

Оқыту нәтижелері

ОН3 Жобалау, техникалық, конструкторлық және технологиялық құжаттаманы әзірлеу, оның сараптамасын және жобалау шешімдерінің техникалық-экономикалық негіздемесін жүргізу

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми-техникалық ақпаратты іздеуді жүргізеді
- 2) Ғылыми зерттеу нәтижелерін жариялайды
- 3) Ғылыми жобаларға қатысуға құжаттаманы ресімдейді

Пререквизиттер

Физика

Постреквизиттер

Патенттану Инновациялық қызмет негіздері және патенттану Сапаны басқаруда зияткерлік меншік

Конструкциялық материалдар технологиясы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пәнді оқытудың мақсаты механикалық жүйелерді пайдалану жағдайларын ескере отырып жобалау кезінде қолданылатын құрылымдық материалдарды алу, сынау, қасиеттерін өзгерту және өңдеу әдістерін зерттеу болып табылады. Білім алушылар технологиялық жабдықты жобалау, дайындау, пайдалану және жөндеу кезінде пайдаланылатын құрылымдық материалдарды өңдеу тәсілдерін меңгереді. Пәнді оқу нәтижесінде білім алушылар тамақ өнеркәсібінің технологиялық машиналары мен жабдықтарын өндіру және оларға қызмет көрсету кезінде қолданылатын құрылымдық материалдардың сапасы мен қасиеттерін жақсарту мәселелерінде құзыретті болады.

Пәнді оқыту мақсаты

Бұйымдарды пайдаланудың нақты жағдайларын ескере отырып, өзара алмастыруды қамтамасыз ету әдістерін және оның әдістемелік негіздерін меңгеру. Пәнді оқу болашақ бакалаврларға машиналарды жобалаудың қажетті деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Оқыту нәтижелері

ОН4 Пайдалану шарттарын ескере отырып механикалық жүйелерді жобалаудың типтік әдістерін қолдану

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Жаңа білім алу үшін заманауи білім беру және ақпараттық технологияларды пайдаланады
- 2) Конструкциялық материалдарды өндіру және өңдеу тәсілдерін, әртүрлі материалдардан жасалған бөлшектердің конструкцияларына қойылатын талаптарды түсіндіреді
- 3) Технологиялық машиналар мен жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу үшін қолданылатын конструкциялық материалдарды пайдаланады

Пререквизиттер

Физика

Постреквизиттер

Конструкциялау негіздері мен машина бөлшектері

Жылутехникасы негіздері

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл курста жылутехникасының негізгі түсініктері зерттеледі: термодинамикалық жүйе; күй теңдеуі; термодинамиканың бірінші заңы; ішкі энергия; көлемнің өзгеру жұмысы; сыртқы жұмыс; термодинамиканың екінші заңы; жылу эксергиясы; идеалды газдар; нақты газдар, су буы, ылғалды ауа; жылуалмасу теориясының негіздері; жылуөткізгіштік; конвекция; жылу сәулесі; жылуөту; жазық қабырға арқылы жылуөту; цилиндрлік қабырға арқылы жылуөту; жылуалмасу аппараттарының түрлері; жылуалмасу аппараттарын есептеу.

Пәнді оқыту мақсаты

"Жылутехникасы негіздері" пәнін оқытудың мақсаты - білім алушылардың технологиялық жылу процестерімен және жылу және тоңазытқыш аппараттарының принциптерімен байланысты практикалық міндеттерді шешу кезінде Термодинамика және жылу алмасу заңдарын пайдалану дағдыларын меңгеру.

Оқыту нәтижелері

ОН5 Гидравликалық жүйелерді, сумен және жылумен жабдықтау жүйелерін есептеуді жүргізу

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Өзінің пәндік саласында базалық және жалпы білім беретін білімді пайдаланады және олардың әдістерін кәсіби және әлеуметтік қызметтің әртүрлі түрлерінде қолданады;
- 2) Кәсіби есептерді шешу үшін жылу және масса алмасудың негізгі заңдылықтарын қолданады;
- 3) Жылу күш қондырғыларында және тамақ өнеркәсібінде қолданылатын басқа да жылу техникалық қондырғыларда жұмыс процестерінің термодинамикалық есептеулерін жүргізеді

Пререквизиттер

Физика

Постреквизиттер

Тамақ өндірісінің жылу және массаалмасу процестері мен аппараттары

Абай әлемі

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән тарихи фактілерді, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының идеялық-эстетикалық құндылықтарды қалыптастыратын философиялық-көркемдік негіздерін игерте отыра, студенттің өз пікірін айта білу, практикалық дағдыларды және адамгершілік, адалдық, көркем мінез сияқты адами қасиеттерді қабылдауды меңгертеді. Қазақ әдебиеті қаламгерлерінің данышпандық қырлары мен М.Әуезовтің Абай мұрасын зерттеу, насихаттаудағы рөлін, шығармаларының тарих, әдебиет, ғылым үшін маңызын айқындайды.

Пәнді оқыту мақсаты

Философиялық және дүниетанымдық болмыстың мағынасын қалыптастыру, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхтар Әуезов шығармаларында көтерілген мәселелерді түсіну және алған білімді күнделікті өмір тәжірибесінде қолдану.

Оқыту нәтижелері

ОН1 Әлеуметтік- мәдени, экономикалық- құқықтық, экологиялық білімдері мен коммуникативтік іскерліктерді көрсете білу, қоғамның қазіргі заманғы даму үрдістерін ескере отырып, ақпараттық технологияларды қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Мұхтар Әуезовтің шығармашылық мұрасына қатысты тарихи фактілерді, шығармалардың философиялық-көркемдік негіздерін талдайды
- 2) Абайдың философиялық-көркем шығармаларының гуманистік идеяларын практикада қолданады
- 3) Абай еңбектерінің әдебиет және ғылым тарихындағы орны мен маңызын бағалайды

Пререквизиттер

Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Конструкциялау негіздері мен машина бөлшектері

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл курста типтік бөлшектер мен механикалық берілістерді жобалау және есептеу негіздері зерттеледі; біліктер мен осьтер; біліктерді жобалау және тексеру есебі; мойынтіректерді есептеу және таңдау; серпімді, саңырау, өтемдік, басқарылатын муфталар; бұрандалы қосылыстар, бұрандалы қосылыстардың беріктігін есептеу; шпонкалы қосылыстар; шлицті қосылыстар; дәнекерленген қосылыстар; тісті берілістерді есептеу; буынтықты берілістерді есептеу; белдікті берілістерді есептеу; шынжырлы берілістерді есептеу.

Пәнді оқыту мақсаты

Пәннің мақсаты - неғұрлым ұтымды материалдарды, формаларды, өлшемдерді, дәлдік дәрежелерін және беттердің кедір-бұдырлығын таңдау кезінде оңтайлы шешім қабылдау дағдыларын, сондай-ақ бөлшектер мен құрастыру бірліктерін дайындаудың, құрастырудың техникалық шарттарын және пайдалануға қойылатын талаптарды қалыптастыруды аяқтау.

Оқыту нәтижелері

ОН4 Пайдалану шарттарын ескере отырып механикалық жүйелерді жобалаудың типтік әдістерін қолдану

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Жаңа білім алу үшін заманауи білім беру және ақпараттық технологияларды пайдаланады
- 2) Машина жасау бұйымдарының бөлшектері мен тораптарын жобалау кезінде есептеудің стандартты әдістерін қолданады
- 3) Графикалық техникалық құжаттаманы әзірлейді және пайдаланады

Пререквизиттер

Өзара алмасымдылық, стандарттау және техникалық өлшемдер

Постреквизиттер

Сүт өнеркәсібі кәсіпорындарының инжинирингі Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының инжинирингі Май өнеркәсібі кәсіпорындарының инжинирингі